



PEGAS TOURISTIK ЖОБАСЫНЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ШЕТЕЛГЕ  
ШЫҒАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ  
ШЫҒЫСТАРЫН  
«TMC Travel»

САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

Қазақстан



Шартқа сақтандыру шарттары.

## 1. Сақтандыру объектілері

1.1. Сақтандыру объектісі осы Ережелермен көзделген қызметтер (көмек) үшін шетелде болу уақытында медициналық мекемеге оның хабарласуымен байланысты туындаған шығындарды өтеумен байланысты Сақтанушының/Сақтандырылушының мүлдіктік мүдделері болып табылады.

## 2. Сақтандыру жағдайы

2.1. Сақтандыру жағдайы ретінде оның басталуымен сақтандыру шарты жіті жай-күй, жедел және шұғыл жай-күй кезеңінде аурулармен байланысты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін нақты орын алған, кенеттен, күтпеген жерден болған және қасақана емес оқиға танылады;

2.2. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға оның басталуының ықтималдылығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуы тиіс;

2.3. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуы кезінде Сақтандырылушымен алынған келесі медициналық қызметтермен байланысты шығындарды өтейді:

2.3.1. маман-дәрігерге бірінші рет бару/кеңес алу, емдеуші дәрігермен белгіленген және диагнозды белгілеу және/ немесе растау үшін қажетті зертханалық-диагностикалық зерттеулер, дәрігерге бару кезінде қабылданатын дәрілік препараттар, жеделділік күйін ескере отырып, медициналық көрсетілімдер бойынша дәрігерге екінші рет бару;

2.3.2. Шарттың барлық қолданылу кезеңінде 5- тәуліктен көп емес жедел ауруханаға жатқызу.

2.3.3. сақтандыру жағдайының күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің курсы бойынша 50 (елу) шартты бірліктерден аспайтын сомаға жедел стоматологиялық көмек;

2.3.4. жүктілік – күтпеген асқынулар жағдайында – қан кету, 12 аптадан аспайтын жүктілік мерзімі кезінде;

2.3.5. тәуекел коэффициентін ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысын төлеудің міндетті шарты кезінде кәсіби спортпен айналысу кезінде, жарыстар, жаттығулар уақытында алынған жарақаттар;

2.3.6. Ассистанспен ұйымдастырылған Сақтандырылушыны тасымалдау/ эвакуациялау, атап айтқанда:

- оқиға орнынан/сақтандыру жағдайының басталу орнынан жедел жәрдем машинасымен Сақтандырылушының жақын маңдағы медициналық мекемеге немесе сақтандыру аумағындағы дәрігерге жедел медициналық тасымалдау шығындары;

- Сақтандырылушыны ауруханадан Қазақстан Республикасына ары қарай өз бетімен қайта оралуы үшін сақтандыру аумағына жақын маңдағы халықаралық әуежайға дейін, немесе Сақтандырылушының азаматтығы бар елге дейін тасымалдау шығындары;

- егер бұл Ассистанстың қызметкерлерінің қорытындысы бойынша қажет болса, Сақтандырылушыны Қазақстан Республикасына, немесе Сақтандырылушының азаматтығы бар елге медициналық эвакуациялау шығындары:

а) Қазақстан Республикасындағы немесе Сақтандырылушының азаматтығы бар елдегі жақын маңдағы халықаралық әуежайға дейін;

б) Сақтандырылушыны медициналық емес немесе медициналық қызметкермен алып жүруге.

Сақтандырушы келесі жағдайларда эвакуациялау шығындарын өтейді:

2.3.6.1. міндетті шарт Ассистанстың қызметкерлеріне тәулік бойына диспетчерлік қызметтің телефондары бойынша билеттерді айырбастауды/қайтаруды жүзеге асыру қажеттілігі және билеттерді айырбастау/қайтару үшін (төлқұжат, билеттер және т.б.) барлық қажетті құжаттамасын ұсыну туралы хабарлау болып табылады;



2.3.6.2. Ассистанстың қызметкерлері сақтандыру аумағында Сақтандырылушыны тасымалдау/эвакуациялау жеделділігін/қажеттілігін және Сақтандырылушының жай-күйі оның қатардағы жолаушы ретінде қайта оралуына мүмкіндік бере ме, немесе оған арнайы жабдық және құрал қажет бола ма, анықтайды;

2.3.6.3. Көлік құралын және тасымалдау/эвакуациялау шарттарын таңдауды Сақтандырушы Ассистанстың медициналық қызметкерлерінің болу елінің ұсыныстары мен ұйғарымдары негізінде жүзеге асырады.

2.3.7. Сақтандырылушының денесін Қазақстан Республикасына немесе Сақтандырылушы тірі кезінде азаматтығы болған елге репатриациялау.

2.3.8. Сақтандырылушының (ата-анасының/ қамқоршысының/ сенім жүктелген тұлғаның) сақтандыру аумағында ауруханаға жатқызылу/қайтыс болу жағдайында 16 жасқа дейінгі сақтандырылған балаларды Қазақстан Республикасына, немесе тұрақты тұру/азаматтығы бар елге эвакуациялау, сақтандырылған баланың сақтандыру аумағында қамқорлықсыз жалғыз қалуы шартымен. Сақтандырушы әрбір баланың оның орналасқан жерінен (оның орналасқан жеріне жақын жерден) Қазақстан Республикасының бала тұратын елді мекенге дейін жақын орналасқан қаласындағы әуежайға дейін (немесе баланың азаматтығы бар/тұрақты тұратын елге дейін) әуежайдан эконом класпен ұшуының құнын өтейді.

2.3.9. Келесілермен байланысты заңды көмек:

- егер жазатайым жағдай үшінші тұлғаның кінәсінен орын алған болса, оның құқықтарын қорғау бойынша іс қозғауда Сақтандырылушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру немесе ұйымдастыруға ақы төлеу. Ақы төлеу көмек көрсетуді Ассистанс арқылы ұйымдастыру жағдайында жүзеге асырылады. Жеке, немесе Сақтандырылушының туыстарымен, немесе кез келген басқа тұлғалармен Ассистанстың қатысуынсыз ұйымдастырылған көмек және/немесе Сақтандырылушымен тікелей жазбаша келісілген көмекке ақы төленбейді.

2.3.10. Келесілермен байланысты әкімшілік көмек:

- сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 24 сағат ішінде сақтандыру жағдайымен байланысты туыстарының жедел хабарламаларын Ассистанс арқылы тапсырумен. Хабарламаларды (қоңырау шалуларды) өз бетімен тарату, немесе Сақтандырылушының туыстарымен немесе кез келген басқа тұлғалармен хабарламаларды тарату Сақтандырушымен төленбейді;

- жоғалған құжаттардың (төлқұжат, виза, билет) телнұсқаларын ресімдеумен және оларды сақтандыру аумағында Сақтандырылушыға жеткізумен. Ақы төлеу Ассистансқа, немесе Пайда алушыға берілген Шарттың 7 бөлімінің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3.11. Сақтанушының Сақтандырылушының 2 (екі) телефон қоңырауларын төлеу бойынша шығындар, берілген Шарттың 2 бөлімінің 2.3.1.-2.3.10. қоса алғанда тармақшаларында көрсетілген сақтандыру жағдайларымен байланысты және Шартта көрсетілген Ассистанстың тәулік бойына диспетчерлік қызметінің нөмірлері бойынша телефонмен сөйлесулердің басып шығарылған тізбесін көрсету кезінде.

### **3. Франшиза.**

3.1. Осы Шарт бойынша шартсыз франшиза белгіленеді:

- Еуропаға (Шенген аймағы елдеріне) Сақтандырылғанның кепілхат рәсімдеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағамы бойынша 30 (отыз) евро мөлшерінде;

- Еуропаны (Шенген аймағы елдерін) қоспағанда, барлық қалған елдер үшін Сақтандырылғанның кепілхат рәсімдеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағамы бойынша 30 (отыз) АҚШ доллары мөлшерінде;

3.2. Сақтандырылған Ассистанс ұйымдастырған қызметтің алған жағдайда, 3.1 тармақшаға сәйкес белгіленген шартсыз франшиза сомасы Сақтандырылғанмен қызметті дербес алу кезінде төленеді.



3.3. Осы Шартқа сәйкес, 65 жастан асқан тұлғалар үшін әрбір өтініш бойынша Сақтандырылғанға көрсетілген қызмет құны сомасының 10% мөлшерінде шартсыз франшиза белгіленеді.

#### **4. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғалар басталған кездегі Сақтанушының/Сақтандырылушының (Пайда алушының) әрекеттері**

4.1. Сақтанушыға/Сақтандырылушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның (бұдан әрі мәтін бойынша - оқиға) басталуы туралы белгілі болғаннан кейін, міндетті:

а) дереу, тәуліктің мерзіміне тәуелсіз, кенеттен өткір аурудың немесе жазатайым жағдайдың басталуы туралы Шартта көрсетілген телефон нөмірі бойынша Ассистанстың тәулік бойына диспетчерлік қызметімен хабарлау, және Ассистанстың диспетчеріне келесі ақпаратты хабарлау:

- Сақтандырылушының ТАӘ, Шарттың нөмірі және оның қолданылу кезеңі;
- Сақтандырылушының атауы;
- болу елі мен қаласы;
- жазатайым жағдайдың басталу күні, уақыты және орны;
- кенеттен болған жіті аурулардың немесе жазатайым жағдайдың жағдайлары және қандай көмек қажет екендігі туралы барлық белгілі ақпаратты;
- Сақтандырылушының орналасқан жері, болу елінде онымен байланысуға болатын телефон нөмірі мен коды.

б) Сақтандырылушы Ассистанстың диспетчерлік қызметіне дәрігерге өз бетімен хабарласқанға дейін және/немесе басқа медициналық қызметті өз бетімен алғанға дейін қоңырау шалмаған жағдайда, Сақтандырушы берілген Шарттың 4 бөлімінің 4.2 тармағының 1) тармақшасының шарттарына сәйкес Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады;

в) сақтандыру жағдайы басталған уақытта алкогольдік/есірткілік мас болуға күдік болған жағдайда, болу елінің заңнамасына сәйкес алкогольдік/есірткілік заттардың болуына медициналық куәландырудан өту;

г) берілген Шартпен көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындау.

4.2. Сақтанушы/Сақтандырылушы берілген Шарттың 2 бөлімінің 2.3 тармағында көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталуына әкелуі мүмкін тәуекелдер бойынша оқиғаның басталуы туралы өзіне белгілі болғаннан/белгілі болуы тиіс болғаннан кейін құқылы:

1) егер сақтандырудың барлық кезеңі ішінде аталған жедел медициналық көмекті алу шығындары амбулаторлық емдеу бойынша – 200 (екі жүз) шартты бірліктерден немесе стационарлық емдеу/ауруханаға жатқызу бойынша 500 (бес жүз) шартты бірліктерден аспайтын болса, Ассистанстың тәулік бойына диспетчерлік қызметіне хабарласпауға, және медициналық көмекті медициналық мекемеде және/немесе дәрігерде өз бетімен алуға және ақысын төлеуге. Егер Сақтандырылушымен өз бетімен төленген жедел медициналық көмек шығындары жоғарыда аталған сомалардан асатын болса, Сақтандырушы амбулаторлық емдеу бойынша 200 (екі жүз) шартты бірліктер немесе стационарлық емдеу/ауруханаға жатқызу бойынша 500 (бес жүз) шартты бірліктер сомасынан асатын сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы болады;

2) Ассистанстың тәулік бойына диспетчерлік қызметіне жүгінуге және Ассистанс арқылы медициналық қызметті (және/немесе осы Шартпен көзделген өзге қызметтерді) ұйымдастыру/көрсету мүмкін болмаған жағдайда, медициналық мекемеге/дәрігерге (консулдыққа және т.б.) өз бетімен қаралу үшін Ассистанстың жолдамасын алуға және өз бетімен алған қызметтер үшін ақы төлеуге. Шығындарды толық көлемде өтеу Сақтандырушымен Сақтандырылушының Ассистансқа сақтандыру жағдайының күніне қаралуын растауды алғаннан кейін көмекті алғанға дейін және Сақтандырылушының



Ассистанспен ұсынылған медициналық мекемеге/дәрігерге міндетті қаралу шартымен жүзеге асырылады.

Егер:

- Сақтандырылушының қаралуы Ассистанспен расталмайтын болса;
- Сақтандырылушының Ассистансқа қаралуы постфактуммен тіркелген болса, яғни медициналық қызметті алғаннан кейін;
- Сақтандырылушы Ассистанспен ұсынылған медициналық мекемеге/дәрігерге қаралмаған, және медициналық мекемені/ дәрігерді өз бетімен/өз қарап шешуі бойынша таңдаған болса;

Сақтандырушы сақтандыру төлемін берілген Шарттың 4 бөлімінің 4.2 тармағының 1) тармақшасының шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

4.3. Медициналық көмекті, немесе осы Шартпен көзделген өзге қызметтерді өз бетімен төлеу кезінде, Сақтандырылушы бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті, бірақ кез келген жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағына келген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кеш емес.

## **5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары**

5.1. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін Сақтанушыға (Сақтандырылушыларға, Пайда алушыларға) ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізімі:

- Шарттың түпнұсқасы;
  - тиісті медициналық мекемелердің қорытындыларының түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі, емдеуші дәрігердің емдеу шараларынан өтуге егжей-тегжейлі жазып берулерін, қабылдау күнін көрсете отырып, олар үшін есепшоттар берілген дәрігерлердің қабылдауын, тағайындауға себеп болған диагнозды және еңбекке жарамсыздық кезеңін көрсете отырып, Сақтандырылушының Т.А.Ә. қоса;
  - қайтыс болу себепін көрсете отырып, Сақтанушының/Сақтандырылушының қайтыс болуын анықтаған медициналық мекеменің қорытындысының түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
  - емдеу шараларынан өтуді, дәрігерлердің қабылдауын растайтын есепшоттардың, фискалдық, тауарлық чектердің түпнұсқалары, әрбір препараттың атауын, емдеу шараларын, қабылдауды, олардың санын, құнын, сатып алу күнін және Сақтандырылушының Т.А.Ә. көрсете отырып. Құжаттардың телнұсқаларын ресімдеу жағдайында – визамен төлқұжатты қалпына келтіру үшін консулдық алымды төлеу туралы, тиісті құжаттарды ресімдеу үшін суреттерге ақы төлеу туралы, жол жүру құжаттары және т.б. қалпына келтіру бойынша көлік компаниясының қызметтеріне ақы төлеу туралы түбіртекті;
  - Сақтандырылушының телефонмен сөйлесулеріне ақы төлеу шығындарын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелері. Ассистанстың диспетчерлік қызметіне қоңырау шалу үшін есепшотта келесі мәліметтер болуы тиіс: қоңырау шалу күні, телефон нөмірі, сөйлесулердің ұзақтығы және төленген сома;
  - Пайда алушының жеке тұлғасын куәландыратын құжаттар, ЖСН, Пайда алушының банктік деректемелері, есепшоттар, Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қосымша мұрагерлік құқығына куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5.2. Құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқада немесе нотариалдық куәландырылған немесе құзырлы ұйымның түпнұсқалық мөрімен куәландырылған және уәкілетті тұлғасымен қол қойылған көшірме түрінде ұсынылады.

5.3. Осы бөлімде аталған барлық құжаттар Сақтандырушыға орыс немесе қазақ тілдерінде немесе орыс немесе қазақ тілдеріне аударылған түрде берілуі тиіс, бұл ретте аударма нотариалдық куәландырылған болуы тиіс.



5.4. Сақтандырушы құжаттардың жоғарыда мазмұндалған тізімін қысқартуға немесе қосымша құжаттарды талап етуге, сондай-ақ барлық ұсынылған құжаттарды тексеруге немесе өзі тексеруді жүргізуге құқылы.

5.5. Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандырылушы шеккен шығындарды растайтын құжаттардың негізінде анықталады.

Ұсынылған құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы 10 күн ішінде Сақтандырылушыға және/немесе Пайда алушыға жетіспейтін құжаттарды ұсынудың қажеттілігі туралы хабарламаны жібереді;

5.6. Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемінен дәлелді жазбаша бас тартуды жіберуге міндетті.

5.7. Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін теңгемен сақтандыру жағдайының басталу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің шетелдік валюталардың ресми бағамы бойынша жүзеге асырады.

## **6. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар мен сақтандыру шектеулері.**

Сақтандырушы диагностикамен және емдеумен байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндетемелерді көтермейді:

6.1. кенеттен болған жіті ауруларды, созылмалы аурулардың асқынулары, уланулар, жарақаттар немесе жедел, шұғыл медициналық көмекті талап етпейтін және оларды емдеу тұрақты тұру аймағына қайта оралу кезінде жүзеге асырылуы мүмкін жазатайым жағдайдың басқа да салдарлары;

6.2. симптомдары Сақтандыру шартының қолданылуы басталғанға дейін басталған кенеттен болған жіті аурулар, созылмалы аурулардың асқынулары, олар бойынша емдеу Сақтандыру шартының қолданылуы басталғанға дейін жүзеге асырылды ма, жоқ па, оған тәуелсіз;

6.3. сақтандыру мерзімінің басталуына дейін бар болған аурулармен байланысты Сақтандырылушының денсаулық жағдайының нашарлауы немесе қайтыс болуы, ол бойынша емдеу жүргізілген бе, немесе жоқ па, ол туралы Сақтандырылушы білген бе, немесе жоқ па, оған тәуелсіз, сондай-ақ, егер саяхат Сақтандырылушыға денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілген болса және/немесе бар аурудың барысын ауырлатуы мүмкін (оның асқынуына себеп болуы мүмкін) болса;

6.4. мінез-құлықтың бұзылуы, жүйке жүйесінің эпизодтық немесе пароксизмальдық бұзылулары (қояншық және эпилепсиялық синдромдар, эпилепсиялық мәртебе, бас сақинасы, бас сақинасы мәртебесі, ұйқының бұзылуы), невроздар (үрейлі қорқыныштар, депрессия, истерикалық синдром, күйзеліс), уыттылық этиологиясымен ұстамалы синдром, абстиненттік синдром;

6.5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» әлеуметтік мәні бар аурулардың тізіміне кіретін аурулар;

6.6. қатерлі ісіктерді және қатерсіз ісіктерді, гиперпластикалық процестерді, сондай-ақ шартты және онымен байланысты асқынуларды;

6.7. Сақтандырылушыны оқшаулауды және/немесе инфекциялық стационарға және/немесе изоляторға жатқызуды талап ететін инфекциялық және паразиттік аурулар, оның ішінде 6.5 тармақшада көрсетілген аурулар және қосымша: нейроинфекциялар, атипиялық пневмония вирусы, геморрагиялық безгектер, тұмаудың атипиялық түрлері (штаммдар), Коксаки вирусы, желшешек және оның салдарлары, клиникалық түріне және процестің сатысына тәуелсіз, сондай-ақ басқа инфекциялық аурулар;



6.8. Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы:

6.8.1. Сақтандырылушының жағдайын қуәландыру үшін еркін қол жеткізудің болмауы немесе сақтандырылушының медициналық көмекті көрсетуден бас тартуы. Егер бұл шарт Сақтандырылушының кінәсінен қамтамасыз етілмеген болса, онда ол аталған тәуекел бойынша медициналық көмекті алу құқығынан айырылады;

6.8.2. Сақтандырылушының алкогольдік, есірткілік немесе уыттылық заттарды пайдалануы, немесе кез келген психотропты заттарды қабылдауы;

6.8.3. Сақтандырылушының кез келген кәсіби/әуесқойлық спорт түрлерімен айналысуы, моторландырылған жер бетінде, суда немесе әуеде қозғалыс құралы пайдаланылған кез келген іс-шараларға қатысуы, сондай-ақ ат жарыстарына, автожарыстарға қатысуы, ұшу аппаратын басқару, парашютті, пара-, мото-, дельтапланды қоса, кез келген түрдегі сынақтарға қатысу;

Алып тастау: егер Шартта «Спорт» сапар мақсаты/санаты таңдалған болса, ал жоғарыда аталған тәуекелдер қосымша сақтандыру сыйлықақысымен түзету коэффициентін есепке ала отырып, төленген болса;

6.8.4. Сақтандырылушының белсенді спорт түрлерімен және жарақат алудың жоғары қауіп-қатерімен дене белсенділігімен айналысуы /қатысуы (банандарда серуендеу, аквапарктер, спорттық сипаттағы қозғалысты ойындар; жаттығу залдарындағы жаттығулар; кез келген су астына сүңгу; серфингтің кез келген түрімен айналысу; альплагерьлердегі және туристік және спорттық базалардағы, сондай-ақ теңіз деңгейінен 1000 м биіктікте орналасқан аудандардағы демалыс; жаяу шыңға шығу, үңгірлерге, жанартауларға саяхаттар; жол талғамайтын көлік санатындағы автомашиналармен сапарлар және саяхаттар; велосипедпен сапарлар және саяхаттар, аттармен және басқа жануарлармен сапарлар және саяхаттар және т.б.).

Алып тастау: егер Шартта сапар мақсаты/санаты – «Спорт» таңдалған болса, ал жоғарыда аталған тәуекелдер түзету коэффициентін есепке ала отырып, қосымша сақтандыру сыйлықақысымен төленген болса;

6.8.5. Сақтандырушы келесілермен байланысты жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

6.8.5.1. репродуктивтік функциямен байланысты, атап айтқанда:

- жүктілікпен, оның асқынуларымен, сондай-ақ оған ілеспе емдеу, босануға жәрдем беру және басқа емдеу шараларымен (оның ішінде мерзімінен ерте босану немесе кесарь операциясын жасау бойынша), сақтандыру жағдайы ретінд танылуы мүмкін Сақтандырылушымен жазатайым жағдайдың нәтижесінде қажеттілік туындаған 12 апта жүктілік мерзімінен аспайтын мерзім кезінде жүктілікті жедел жасанды тоқтатуды қоспағанда;

- ұрықсыздандыруды жүзеге асырумен немесе жүктілікті тоқтатумен (3 айдан аспайтын), жарақаттың нәтижесінде іштегі нәрестені алып тастау ананың өмірін сақтау үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда;

- жаңа туған сәбидің күтімімен, емдеумен, медициналық бақылауда болумен және қозғалысымен байланысты шығындар (эвакуациялауды және/немесе репатриациялауды қоса);

- жасанды ұрықтандырумен, бедеулікті/белсіздікті, простатитті емдеумен және диагностикасымен, сондай-ақ кез келген контрацепция әдістерімен, соның ішінде жатыршілік спиральды (ЖІС) салумен/алып тастаумен, етеккір циклының бұзылуымен;

6.8.5.2. кез келген туа біткен, тұқым қуалайтын ауруларды және/немесе туа біткен/ жүре пайда болған ағзаның ауытқуларын/даму ақауларын, соның ішінде – сүйектердің патологиялық сынықтарын емдеумен және/немесе диагностикасымен;

6.8.5.3. миопиямен/гиперметропиямен, астигматизммен, катарактамен, глаукомамен,көз торының қабаттануымен байланысты операциялармен;

6.8.5.4. жүрекке немесе тамырларға кез келген хирургиялық операциялар, соның ішінде жүрекке қан апаратын қан тамырларының ангиопластикасы, аортокоронарлық шунттау, стентирлеу, ИВР орнату және т.б.;



6.8.5.5. трансплантацияның, имплантацияның және/немесе протез салудың кез келген түрі бойынша шығындар, соның ішінде эндопротездеу, стентирлеу, остеосинтез, остеопластика, реконструктивтік операциялар, гемодиализ, гемосорбция, әртүрлі фиксаторларды пайдаланумен операциялар (штифтерді, бұрандаларды, бұрамаларды, сымдарды, пластиналарды, сүйек тігістерін, дистракциялық-компрессиялық аппараттарды және т.б.), органдар мен тіндерді ауыстырып салу бойынша операциялар; алып тастау: Сақтандырылушының өмірін құтқарып қалу мақсатымен күй кезіндегі тері трансплантациясы;

6.8.5.6. пандемиялық тұмаулардың кез келген түрлерін (құс, шошқа тұмаулары және т.б.) емдеумен;

6.8.5.7. пластикалық операциялардың, косметологиялық диагностика/емдеу және сыртқы келбетінің кемшіліктерін немесе дене аномалияларын жоюмен, жынысын хирургиялық өзгертумен, салмақты/пішінді түзетумен байланысты диагностикасын/емдеудің кез кеген басқа түрлерімен, семіздіктің немесе дистрофияның диагностикасымен/емдеумен байланысты шығындармен;

6.8.5.8. кез келген теңіз жануарларының/мекендеушілерінің шағуын және күйдірулерін, теңіз маржандарынан/кірпілерінен және теңіз өсімдіктерінен алынған жарақаттарды/күйлерді емдеумен және/немесе диагностикасымен;

6.8.5.9. тікелей және/немесе жанама күн, ультракүлгін немесе басқа да типтегі сәлеленудің әсерінен болған салдарларды, сондай-ақ зеңдік және дерматологиялық ауруларды (инфекциялықтан басқа), соның ішінде аллергиялық (Квинке ісігінен/анафилактикалық шоктан басқа) және тағамдық дерматиттерді, псориазды және оның асқынуларын емдеумен және диагностикасымен; туа біткен ихтиоз, есекжем, аллопеция, атопиялық дерматит, нейродермит, витилиго, сүйелдер, безеулер, демодекоз, сондай-ақ дерт туралы жалпы түсінікке тәуелсіз теміреткінің кез келген түрлері;

6.8.5.10. есту жолдарының күкіртті тығындармен обструкциясымен байланысты емдеумен және кеңес берумен;

6.8.5.11. остеосинтезге/остепластикаға, стентирлеуге арналған материалдарға шығындармен; медициналық көмек көрсету құралдарын іріктеп алумен, сатып алумен және жөндеумен (линзалар, көзәйнектер, есту аппараттары, глюкометр, бандаждар, балдақтар, мүгедек арбасы, памерстер, ортездер, ортопедтік аяқ киім, компрессиялық шұлықтар және т.б.), сондай-ақ жарықты шағылыстыратын жеңілдетілген гипсті салумен;

6.8.5.12. вакциналаумен, профилактикалық/ медициналық тексерулермен, медициналық сараптамалармен, сондай-ақ жіті аурулармен байланысты емес күтімдермен;

6.8.5.13. дәстүрлі емес әдістермен емдеумен және/немесе диагностикасымен (еңбек терапиясы, фитотерапия, гирудотерапия, гомеопатия, балшықпен емдеу, сәулемен емдеу, барокамерада емдеу, мануальды терапия, массаж, биорезонансты терапия және т.б.), қалпына келтіріп (оңалтып) емдеумен, дәрумендерді қабылдаумен, сондай-ақ физиотерапевтік емдеудің кез келген әдістерімен;

6.8.5.14. психотерапевтің, диетологтың, генетиктің, логопедтің, косметологтың, массаж жасаушының, шаштараздың, стилистің, аудармашының қызметтерін ұсынумен;

6.8.5.15. әуеде ұшулармен, темір жол және автомобиль тасымалдаулары кезінде орын алған апаттардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде денсаулыққа және өмірге залал келтіру кезінде.

6.8.5.16. Компьютерлік томографиямен (КТ), магниттік-резонанстық томографиямен (МРТ), Сақтандырылушының өміріне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда.

6.8.5.17. Дәрігермен жазылып берілген рецепт бойынша дәрілік препараттарды өз бетімен сатып алу шығындары.

6.8.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылатын болады, егер:



6.8.6.1. емделу/медициналық қызметтерді алу Сақтандырылушының сапарының мақсаты болып табылған болса, сондай-ақ санаторийлерде, емдеу орындарында, демалыс үйлерінде және басқа санаторлық-курорттық типтегі ұйымдарда емделу/медициналық қызметтерді алу жағдайында;

6.8.6.2. Шартты жасау сәтіне Сақтандырылушыға қатысты мүгедектік және/немесе еңбекке жарамдылығынан айырылу (толық немесе жартылай) және/немесе кәсіби ауру белгіленген болса, және бұл медициналық көмекті алуға тікелей себеп болып табылатын болса;

6.8.6.3. Шартты жасау сәтіне Сақтандырылушы сақтандыру аумағында стационарлық емдеуде болған болса, және/немесе оған Шартты жасау күніне дейін басталған аурумен/жазатайым жағдаймен байланысты сақтандыру аумағында басқа медициналық көмек көрсету талап етілетін болса;

6.8.6.4. Сақтандырылушы Сақтандырушының медициналық тексеруден және/ немесе алкогольдік/есірткілік мас болуға медициналық куәландырудан өту талабын орындамаған, және/немесе Сақтандырушымен талап етілетін тексеруді/куәландырудың нәтижелерін бермеген.

6.8.7. Сондай-ақ Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуының негіздемесі ретінде төменде аталғандар болып табылады:

6.8.7.1. Сақтанушымен (Сақтандырылушымен, Пайда алушымен) Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы қасақана жалған мәліметтерді хабарлауы;

6.8.7.2. Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) Сақтандырушыға Сақтандырылушының қызмет түрін, сапар мақсатын өзгертуі туралы хабарламау, егер аталған өзгерту сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуына тікелей немесе қосымша себеп болып табылатын болса;

6.8.8. Сақтандырумен өтелмейді:

6.8.8.1. моральдық залалдар, Сақтанушының (Сақтандырылушының) жоғалтулары, оның ішінде айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық төлемдері, сот шығындары, ұтылған пайда және т.б.;

6.8.8.2. орыс немесе қазақ тілдеріне аударманы жүзеге асыру, және құжаттарды нотариалдық куәландыру кезінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) шеккен шығындар;

6.8.8.3. егер Сақтандырылушы Шарт күшіне енгеннен кейін Шартта көрсетілген сақтандыру аумағында азаматтықты/ тұруға рұқсатты алған болса, сақтандыру жағдайымен байланысты шығындар.

## **7. Шартты тоқтату/бұзу/өзгерту тәртібі мен шарттары.**

7.1 Шарттың қолданылуы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда немесе Шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда тоқтатылады.

7.2. Шартқа өзгертулер жазбаша келісім жасау арқылы тараптардың келісімі бойынша енгізілуі мүмкін.

7.3. Сақтанушының өтініші бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі басталғанға дейін Шартты мерзімінен бұрын тоқтату кезінде, Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысының 100% қайтарады. Сақтанушы сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кеш емес бұзу туралы жазбаша өтінішті Сақтандырушыға беруге міндетті.

7.4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен (бұдан әрі- ҚР АҚ) көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Шарт ҚР АҚ 841 б. 1 т. көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.



7.5. Шарттың 7.4 т. көзделген негіздер бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтату кезінде Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционал сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқыққа ие болады.

7.6. Сақтанушының өтініші бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі басталғаннан кейін Шартты Сақтанушының өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтату кезінде, егер бұл Шарттың 7.4 т. көрсетілген жағдайлармен байланысты болса, Сақтандырушы  $((СП:N) * (N-n)) - (СП - 15 \% * СП)$  формуласы бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруды жүзеге асырады, мұнда:

СП – Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы

N - Шарттың күндермен қолданылу мерзімі

n - Шарттың күндермен өткен қолданылу кезеңі

Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде, егер бұл Шарттың 7.4 т. көрсетілген жағдайлармен байланысты емес болмайтын болса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

Шартпен реттелмеген барлық басқа мәселелер бойынша тараптар Сақтандырушымен әзірленген Қазақстан Республикасынан шетелге шығатын тұлғалардың медициналық және/немесе басқа шығындарын ерікті сақтандыру ережелерін басшылыққа алады.